және сурдотехникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту түрлі типтегі электроакустикалық дыбыс күшейткіш аппаратураларды тұрақты пайдалану арқылы өткізіледі (күндізгі ұжымдық және дербес пайдалану және дербес есту аппараттарын, есту кабинетіндегі және мектеп залындағы магниттік ілгіш, радиофицирленген мектеп залы, рекреациялар, кіреберіс, вестибюль). Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытатын мектептердің фонотекасы, музыкалық құралдары, дыбыс шығаратын ойыншықтары болуы қажет. Мектепте есту қабілеті бұзылған балалардың өмір сүру әрекетіне сәйкес орта құрылады, сенсорлық жағдаймен қамтамасыз ететін оқу-материалдық базасы, сөйлеуді қабылдауға арналған қолайлы жағдайы болуы керек. Мектеп жеке және ұжымдық түзету сабақтарын өткізуге арналған кабинеттермен, түзету ритмикасы сабақтарын өткізуге арналған залмен, оқу шеберханаларымен, сонымен қатар, арнайы компьютерлік бағдарламалармен, оқу-әдістемелік және балалар кітапханасымен жабдықталады [3].

Көру қабілеті бұзылған балаларды арнайы оқыту жағдайына келетін болсақ. Дамуында басқа бұзылуы жоқ зағип және нашар көретін балалар МЖБС талаптарына сәйкес арнайы оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Көру қабілеті бұзылған балалар жалпы білім беретін мектептердің арнайы немесе жалпы сыныптарында оқи алады (психолог-педагог мамандардың түзету қолдауымен). Зағип оқушылар үшін оқу процесінде жалпы білім беретін мектептерде жаппай қолданатын Брайлдің рельефті-нүкте шрифтісімен басылып шыққан оқулықтар, оқу құралдары және әдебиеттер қолданылады. Нашар көретін оқушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептерде жаппай қолданатын ірі шрифтімен басылған және арнайы жаңартылған суреттермен, көріп қабылдауға қолжетімді оқулықтармен оқытылады. Ерекше білім беру қажеттілігін қағаттандыру нашар көретін оқушыларға сыныптағы көру жұмыстарына анық сызылған сызықтарымен дәптерлер, оптикалық және техникалық құралдар көмегімен қолайлы жағдай жасалу қажет:

- офтальмологпен тағайындалған көруді түзету құралдары (көзілдірік, жанаспалы линза, лупа, телескоптық көзілдірік);
- табиғи жарықты реттейтін құрылғы (тетік);
- оқығанда, жазғанда, сурет салғанда сурет көргенде дұрыс отыруын қамтамасыз ететін арнайы бір орынды парталар;
- балаларға арналған қосымша құрылғылар (Брайл жүйесі бойынша жазуға арналған құралдар, оқитын машиналар, Брайл шрифтісімен жазылған машинкалар, рельефті суретке арналған «Школьник», оптикалық құралдары – лупа, линзалар, телескоптік құралдар–офтальмологтің ұсынымдамасы бойынша және басқалар);
- тифлотехникалық құралдар (жазуға арналған тифлоқұралдар, электронды құралдар, тактильді және брайлді дисплей, сөйлеу синтездеуші);
- көруді қорғау талаптарына жауап беретін арнайы оқу құралдары (рельефті-көрнекі құралдар, географиялық карталар, схемалар және т.б.);
- аудио және бейне аппаратуралар;
- арнайы бағдарламалармен қамтамасыз ететін компьютерлер.

Жалпы білім беретін пәндерді арнайы оқыту әдістемесін қолдану арқылы, түзету кезеңінің пәндері бойынша арнайы сабақтар өткізу, сонымен қатар, техникалық құралдар және арнайы көрнекіліктер пайдаланылып дербес және топтық сабақтар өткізу түзетуге бағытталады. Ритмика сабақтары оқушылардың музыканы тыңдауға, мазұнын қимыл арқылы беруге, қозғалыс біліктіліктерін қалыптастыруға және бекітуге үйрету мақсатында өткізіледі. Ырғақты сезінуін, координацияны, шыдамдылықты, физикалық жұмыс жасау қабілеттілігін дамытуына мүмкіндік жасау. Ритмика сабағы ритмикалық жаттығуларды, ритмикалық эстафета, музыкалық-ритмикалық және сөйлеу ойындарын пайдалануды ұсынады. Мектеп баланың әлеуетті мүмкіндіктерін ғылыми ой-санасын, әлеуметтік өзін-өзі анықтау мүмкіндігін дамытады, көруі бойынша мүгедектердің жұмысқа орналасуы мен түрлі еңбек іс-әрекетін үйренуін кәсіби оқуын, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Негізгі мектеп жалпы білім беруге дайындықты аяқтауды қамтамасыз етеді. Мұғалім оқушылардың қызығушылығының толық есебін, қоғамдық пайдалы еңбекке және заманауи қоғамдық өмірге белсенді араласуына, әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне жағдай жасайды.

Қазақстан жалпы білім беру жүйесін дамытуда үлкен секіріс жасағаны сөзсіз. Бірақ осы уақытқа дейін инклюзивті білім беруді дамытудағы ең үлкен қиындықтардың бірі инклюзивті білім берудің барлық критерийлеріне сәйкес келетін сапалы педагогикалық құрамды дайындау болып табылады [3]. Мәселе мынада, жыл сайын талапкерлердің айтарлықтай жетіспеушілігі және мұндай мамандықтардың танымалдылығының төмендеуі, сондай-ақ білім беру саласындағы бұрыннан бар мамандарды қайта даярлау болып келеді. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жоспарында 2025 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті біліммен 70 пайызға, жоғары оқу орындары мен колледждерде 100 пайызға қамтылуға қол жеткізу көзделген [4]. Егер Қазақстан көздеген мақсатына жетсе, инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді және кейінгі өмір үшін берік іргетас қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.*
2. *Дорота Подгорска-Яхник Инклюзивті білім беру /Инклюзивное образование: Оқу - әдістемелік құрал /Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстанғалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020. - 204 б.*
3. *Сардарова Ж.И., Махатай С.Ш. Ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларын педагогикалық-психологиялық қолдау негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика»сериясы №1 (68) 2022 ж. 88-95 бб.*
4. *Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 57 б.*

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ
ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ
ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

**МРНТИ 14.29.29
УДК 376.37**

**ТІЛ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ
СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Масалиева Ж.А.¹, Шыныбаева А.Т.²

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент, zmasalieva@mail.ru

²7M01901 – Арнайы педагогика білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты,
Audynka99@mail.ru

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Мақалада тіл бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалардағы сөзжасам дағдыларын қалыптастыру мәселесі және балалар тіліндегі сөзжасамдық дағдылардың қалыптасуына талдау жасалынып, тіл бұзылыстарын түзетуде ұйымдастырылған логопедиялық жұмыс мазмұны сөз болады. Теориялық тұрғыдан шетелдік және отандық авторлардың еңбектері зерделеніп, сөзжасам процесінің ауызша тілдің тұрақты және нақты бұзылыстарында, келесі кезекте, жазба тілде көрініс алатындығы сөз болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам қабілетінің дұрыс қалыптасуының қаншалықты маңызды екендігіне ғалымдардың зерттеулерінде жасаған тұжырымдарға негізделді. Сонымен қатар, тіл бұзылыстарын түзету барысындағы сөзжасам дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, эксперименттік жұмыстар нәтижелері сараланды.

Зерттеудің педагогикалық тиімділігі тәжірибе арқылы тексерілді. «Рахым» балаларды дамыту орталығында арнайы зерттеу эксперименті ұйымдастырылып, мектеп жасына дейінгі жастағы тіл бұзылыстары бар балалардағы сөзжасам қабілетінің даму деңгейі диагностикаланды. Анемнез жинақталды. Зерттеу нәтижелеріне сай кешенді түзету әдістері таңдалып, қалыптастыру эксперименті ұйымдастырылды.

Жоғарыда айтылғандай, бағдарламаның негізгі идеясы балалардың сөйлеу және психикалық дамуын синхронды теңестіруді тарта отырып, мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру міндеттерін іске асыру болып табылады.

Бағдарламаны игеру нәтижелері мақсатты бағдарлар түрінде ұсынылған. Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің мақсатты бағыттары бағдарламаның сипатына, оны жүзеге асыру формаларына, балалардың даму ерекшеліктеріне қарамастан анықталады.

Мақаланы жазу кезінде зерттеу бағытына сәйкес әдебиеттерге талдау, сараптау жұмыстары жүргізілді.

Кілт сөздер: Сөзжасам, эксперимент, логопедиялық массаж, артикуляциялық аппарат, дизартрия, кешенді тәсіл, тіл бұзылыстары.

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ

Масалиева Ж.А.¹, Шыныбаева А.Т.²

¹кандидат филологических наук, доцент, zmasalieva@mail.ru

²Магистрант 2 курса ОП 7М01901-Специальная педагогика, Aydyinka99@mail.ru

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Г. Шымкент, Казахстан

Аннотация

В статье будет рассмотрена проблема формирования словообразовательных навыков у детей дошкольного возраста с нарушениями речи и проведен анализ формирования словообразовательных навыков в языке детей, изложено содержание организованной логопедической работы по коррекции языковых нарушений. Теоретически будут изучены труды зарубежных и отечественных авторов, и речь пойдет о том, что словообразовательный процесс проявляется в стойких и специфических нарушениях устной речи, а затем и в письменной речи. Мы основывались на выводах, сделанных учеными в их исследованиях, на том, насколько важно правильное формирование словообразовательных способностей у дошкольников. Кроме того, были проанализированы результаты экспериментальной работы, опираясь на методы и приемы формирования словообразовательных навыков при коррекции языковых нарушений.

Педагогическая эффективность исследования проверялась на опыте. В центре развития детей «Рахым» был организован специальный исследовательский эксперимент с диагностикой уровня развития словообразовательной способности у детей с нарушениями речи в дошкольном возрасте. Анемнез накопился. В соответствии с результатами исследования были выбраны комплексные коррекционные методы и организован формирующий эксперимент.

Как отмечалось выше, основной идеей программы является реализация общеобразовательных задач дошкольного образования с привлечением синхронного выравнивания речевого и психического развития детей.

Результаты освоения программы представлены в виде целевых ориентиров. В соответствии с государственным образовательным стандартом целевые направления дошкольного образования определяются независимо от характера программы, форм ее реализации, особенностей развития детей.

Ключевые слова: Словообразование, эксперимент, логопедический массаж, артикуляционный аппарат, дизартрия, комплексный подход, речевые расстройства.

WAYS OF FORMING WORD FORMATION SKILLS IN PRESCHOOLERS WITH SPEECH DISORDERS

Masalieva Zh.¹, Shynybayeva A.²

¹candidate of philological Sciences, Associate professor, zmasalieva@mail.ru

²2nd year master's student of the educational program 7M01901 – special pedagogy, Aydyinka99@mail.ru

South Kazakhstan State Pedagogical University,

Shymkent, Kazakhstan

Abstract

The article will consider the problem of the formation of word-formation skills in preschool children with speech disorders and analyze the formation of word-formation skills in the language of children, the content of organized speech therapy work on the correction of language disorders is presented. Theoretically, the works of foreign and domestic authors will be studied, and it will be discussed that the word-formation process manifests itself in persistent and specific violations of oral speech, and then in written speech. We were based on the conclusions made by scientists in their research, on how important the correct formation of word-forming abilities in preschoolers is. In addition, the results of experimental work were analyzed, relying on methods and techniques for the formation of word-formation skills in the correction of language disorders.

The pedagogical effectiveness of the study was tested by experience. A special research experiment was organized at the Rakhym Child Development Center to diagnose the level of development of word-formation ability in children with speech disorders at preschool age. Anemnesis has accumulated. In accordance with the results of the study, complex corrective methods were selected and a formative experiment was organized.

As noted above, the main idea of the program is the implementation of general educational tasks of preschool education with the involvement of synchronous alignment of speech and mental development of children.

The results of the development of the program are presented in the form of targets. In accordance with the state educational standard, the target areas of preschool education are determined regardless of the nature of the program, the forms of its implementation, and the peculiarities of children's development.

Keywords: *Word formation, experiment, speech therapy massage, articulation apparatus, dysarthria, integrated approach, speech disorders.*

Кіріспе

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі басым бағыт ретінде ұлттық білім берудің барлық бөліктерінің, сонымен қоса ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім берудің дамуы үшін стратегиялық жоспарын іске асыру міндетін анықтап отыр.

Отандық ғалымдардың зерттеулері ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар санының күн санап артып отырғандығын көрсетіп берді [1]. Мұндай балаларды оқыту мен тәрбиелеу ерекше әдіснамалық тәсілдерді әзірлеуді және бірқатар қосымша шарттардың кешенін құруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң [2] талаптарын іске асыру тұрғысынан ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытудың теориясы мен практикасының ғылыми-әдістемелік аспектілерін дамыту үшін қолайлы алғышарттар жасалуда.

Сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзету жұмыстарының мазмұны психологиялық-педагогикалық тұрғыда анықталған әдіс-тәсілдердің көмегімен, арнаулы логопедиялық жұмыстардың мазмұнымен, қажет жағдайларда медициналық көмектің біртұтас бірлігі арқылы шешіледі. Сөйлеу тілінде кездесетін түрлі дәрежедегі бұзылыстар бала тұлғасының дамуына кедергі келтіретіндігін есепке алып, қажетті білім мен икемділікті, дағдыны игертудің тиімді жолдарын қарастыруымыз керек. Тіл бұзылыстары бар балалардағы сөзжасам дағдыларын дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру өз өзектілігін жойған емес.

Сөйлеу тілін меңгерту процесінде шартты түрде үш аспектіні ажыратып көрсетуге болады. Олардың әрқайсысы өзара тәуелсіз зерттеу нысаны болып табылады: ең бастысы – фонетикалық құрам, екіншісі – грамматикалық құрылым және соңғысы семантикалық даму.

Сөйлеу тілінде бұл аспектілер баланың сөзжасамдық дағдыларды игеруінің басты әрі бір-бірімен сатылай байланыста орныққан құрылымдар [3].

Соның ішінде бала тілінің грамматикалық құрылымын уақтылы қалыптастыру сөйлеу тілінің алғышарттарының дер кезінде қалыптасуының және өз кезегінде баланың жалпы психикалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Өйткені тіл мен сөйлеу оның танымдық қабілеттерін, қарым-қатынасының дамуының басты тетігі. Бала мінез-құлқын жоспарлау мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруда, әлеуметтік байланыстарды қалыптастыруда жетекші функцияны орындайды. Мұның бәрі есте сақтау, қабылдау, эмоция сияқты психикалық процестердің маңызды байланыстырушы құралы. Сөзжасам, көптеген функцияларды орындай отырып, баланың тілдік құзыреттілігі мен тілдік қарым-қатынасының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Тіл бұзылысы бар балаларда сөзжасамдық құрылымдарды жүргізуге дайындықтың төмендігі когнитивті және тілдік алғышарттардың қалыптаспауымен түсіндіріледі [4]. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларда сөз жасаудың практикалық әдістерін қалыптастыру мүмкіндігінше ертерек басталуы керек.

Тіл бұзылысы – есту қабілеті мен зияты қалыпты дамыған балалардың дыбыстау элементтерінен бастап, сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан пайда болатын түрлі деңгейдегі құрылымдар.

Тіл бұзылысының себептері тек ауыр түрдегі бұзылыстардан емес, әр түрлі ұсақ моториканың бұзылуынан, өзара қарым-қатынастың дұрыс жүргізілмеуі себептерінен орын алатындығы арнайы педагогикаға қатысты зерттеулерде жан-жақты сарапталған. Тіл бұзылысы және оның түрлі деңгейдегі көріністері, тіл бұзылыстары бар балалардың сөз жасау, мазмұндау дағдыларының бұзылысы жайындағы зерттеулер саны молайып келеді. Көрнекті ғалымдар Туманова Т.В [5], Левина Р.Е. [6], Никашина Н.А. [7], Л.Ф. Спинова [8], және т.б. зерттеулер мен отандық ғалымдар Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б [9] және т.б. да зерттеу еңбектерінде тіл бұзылыстарын түзетудегі түрлі әдістер талданады.

Тіл бұзылысы бар балалар қимыл-қозғалыс кезінде белсенділіктің төмендігімен сипатталады. Құрдастарымен қарым-қатынаста да бастамашылық көрсетпейді. Арнайы педагогика, логопедия саласына қатысты дереккөздерде келесідей мәліметтер ұсынылады:

- тіл бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балаларда мотивациялық-қажеттілік саласының жетілмегендігінде көрінетін қарым-қатынас бұзылыстары байқалады;
- 4-5 жастағы балаларда ересектермен қарым-қатынастың жағдаяттық-іскерлік формасы басым, бұл жас нормасына сәйкес келмейді деп көрсетілген.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зерттеу материалдарына негізделіп келе, біз сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалар да, тіл бұзылыстары бар балаларда да сөзжасамдық дағдылардың қалыптасуы кезінде үлкен қиындықтарға тап болатынын атап өткіміз келеді. Тіл бұзылысы бар балалардың ІІІ деңгейіне жеткенде ғана сөз жасауға дайын, ал сөзжасамдық қабілет оларда біркелкі дамымайды. Дегенмен, кей жағдайларда балалар тіліндегі сөзжасам дағдыларын дамыту реті сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалармен бірдей сипатта болатындығы анықталды [10].

Тіл бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде сөзжасамдық дағды төмен деңгейде. Сөзге қосымшаны дұрыс жалғап, туынды сөз жасауда қиналады. Балалар көбінесе салыстырмалы шырай сын есімдерін, зат есімдерден қатыстық сын есімдердің жасалуында, кішірейту мәнді жұрнақтары бар зат есімдердің және т.б. да практикалық сөзжасам дағдыларынан артта қалады. Бұл сөздік қордың тапшылығынан және көп жағдайда, белсенді сөздікте етістіктер мен зат есімдердің басым болатындығымен сипатталады.

Т.В. Туманова тіл бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі сөзжасамдық тапсырмаларды орындауға дайындығының төмендігін көрсететін маңызды тұжырымдар жасады [11]. Атап айтатын болсақ:

-тіл бұзылыстары бар балалар сөйлеу тілі қалыпты дамыған құрдастарымен салыстырғанда, сөзжасам бөлшектерін сөз түбірінен ажырату сынды қарапайым әрекеттерді орындағанда да қиналады;

-тіл бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінде сөзжасамдық дағдыларды дамыту үшін алғышарттардың қалыптасу қиындықтары да айқындалады. Сөз жасау және сөз түрлендіру барысында қажетті сөзжасамдық морфеманы есте сақтау және сөйлеу тілінде қолдану барысында да белсенділік танытпайды [12].

Қолда бар материалдардың көрсетуінше, тіл бұзылысының әр деңгейі бойынша сөзжасамдық дағдыларды игеру қабілеті төмендегідей сипатқа ие:

Тіл бұзылысы бар I деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамдық қабілеті мүлдем қалыптаспаған.

Тіл бұзылысы бар II деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамдық қабілеті нашар қалыптасқан. Сөз қосымшасыз, түбір күйінде қолданылады.

Тіл бұзылысы бар III деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалар сөзжасамдық қабілетінде ішінара бұзылыстар болуымен ерекшеленеді. Олар сөз бөліктерінің (жалғау, жұрнақ) мағынасын түсінуде, сөздің дыбыстық құрамын талдауда қиналады [13].

Эмпирикалық зерттеуде мектеп жасына дейінгі тіл бұзылыстары бар балалардың белсенді сөздік қорын зерделеуге арналған педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды. экспериментте Т.Б. Филичева мен Г.В. Чиркинаның [14] әдістемесі негізінде логопедиялық жұмыстар кешені жинақталды. Онда жаттығулар мен логопедиялық массаж қолдану жоспарланды.

Мектеп жасына дейінгі жастағы тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасамдық қабілетін зерттеу және түзету жолдарын анықтау мақсатында «Рахым» түзете-дамыту орталығында 4-5 жастағы дизартриясы бар (жалпы тіл бұзылысының жеңіл формасы (III деңгей)) 3 баламен эксперименттік жұмыс жүргіздік. Эксперименттік жұмыс анықтау, қалыптастырушы және қорытынды кезеңде ұйымдастырылды.

Анықтаушы эксперимент мақсаты – тіл бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының деңгейін анықтау.

Міндеттері: мектеп жасына дейінгі тіл бұзылысы бар балалардың сөйлеу тіліндегі сөйлем түрлері, сөз түрлендіру, сөздің дыбыстық құрамын талдау, оқыған мәтінді түсіну және мазмұнын айту қабілеттері тексеріледі. Анамнез жинау барысында балалардың жалпы даму деңгейі (санауы, кеңістікті бағдарлау, логикалық ойлауы т.б.) анықталды.

Балалардың сөзжасам қабілетін тексеру барысында арнайы тапсырмалар беріліп, олар тәрбиешінің көмегімен орындады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін берілетін тапсырманың басты бөлігі ойын түріндегі жаттығуларға арналды.

Балалардың сөздік қорын тексеру мақсатында «Үш сөзді ата» тапсырмасы берілді [15]. Тапсырма барысы: Балалар қатарға тұрады. Әр қатысушыға өз кезегінде сұрақ қойылады. Жаяу жүру қарқынын бәсеңдетпей, әр қадаммен алға қарай үш қадам жасау керек.

Не сатып алуға болады?

Не пісірдің?

Не оқуға болады?

Қандай құралмен сурет салуға болады?

Не ұша алады?

Не жүзе алады?

Тапсырмаларды орындау кезінде балдық-деңгейлік жүйе бойынша бағаланды:

1 балл – бала сөздерді қай жерде қолдануды білмейді, сөздерді айта алмайды

2 балл – бала сөзді табады, бірақ тек бір ғана мысал келтіре алады

3 балл – бала сөзді табады, қайда қолдануды мұғалім нұсқауымен айтып отырады

4 балл – бала мүмкін болған мысалдардың барлығын айтады, қай жерде қолданылуын мұғалім көмегінің анықтай алады.

1-кесте

| Тапсырма (Үш сөзді ата) | Балалардың рет саны | | |
|------------------------------|---------------------|--------|--------|
| | 1 бала | 2 бала | 3 бала |
| (көйлек, жейде, шалбар) | 1 | 3 | 2 |
| (бәліш, тоқаш,.....) | 3 | 1 | 3 |
| (кітап, дәптер,...) | 4 | 3 | 2 |
| (қаламмен, қарандашпен,....) | 1 | 2 | 3 |
| (құс, ұшақ,....) | 2 | 4 | 2 |
| (балық, кит,....) | 1 | 1 | 3 |

Балалардың зат есімді атау, зат есімнің жеке түрінен көптік мән жасау қабілетін анықтау мақсатында «Біреу немесе көп» тапсырмасы берілді .

Ойын барысы: ересек адам бір заттың суретін көрсетеді және балаға сол заттың атын табуды айтады, жекеше және көпше түрін кезек-кезек айтуы керек.

Ересек адам суреттегі затты көрсетіп атын атайды және баладан «Суретте не бар?» деп сұрайды.

Бала: «Суретте шар бар» және т.б. деп жауап береді. Осылайша, барлық суреттерді атау және жекеше немесе көпше түрде қолданылып тұрғанын анықтау тапсырмасы орындалады.

2-кесте

| Тапсырма Біреу немесе көп | Балалардың рет саны | | |
|------------------------------|---------------------|--------|--------|
| | 1 бала | 2 бала | 3 бала |
| Шар | 2 | 4 | 3 |
| Қалам | 3 | 2 | 2 |
| Дәптер | 1 | 3 | 2 |
| Доп | 1 | 3 | 1 |
| Жастық | 3 | 4 | 2 |
| Кітап | 4 | 1 | 3 |

1 балл – бала суреттегі сөзді айта алмайды.

2 балл – бала жекеше мен көпше сөздерді шатастырады.

3 балл – бала сөзді бірде жекеше, бірде көпше түрде айта алады.

4 балл – бала көпше және жекеше сөздерді нақты ажырата алады.

Балаларды екі түбірді біріктіру арқылы күрделі сөз құруға үйрету мақсатында «Біріккен сөздер» дидактикалық жаттығуы орындалды.

Балалар бірінші бағандағы біріккен сөздерді екінші бағанға ажыратып жазуы керек, ересек адам тапсырма аяқталған соң сөздердің мағынасын түсіндіреді.

3-кесте

| Тапсырма (Біріккен сөздер) | Балалардың рет саны | | |
|-------------------------------|---------------------|--------|--------|
| | 1 бала | 2 бала | 3 бала |
| Белбеу | 1 | 3 | 4 |
| Ақсүйек | 2 | 1 | 2 |
| Асқазан | 4 | 3 | 2 |
| Сегізаяқ | 1 | 2 | 3 |

| | | | |
|---------|---|---|---|
| Алабұғы | 1 | 4 | 3 |
| Итмұрын | 2 | 1 | 3 |

Тапсырмаларды орындау кезінде балдық-деңгейлік жүйе бойынша бағаланды:

1 балл- бала сөздерді мүлде ажыратып жаза алмайды.

2 балл- бала сөзді ажыратып жаза алады, мағынасын түсінбейді.

3 балл- бала сөзді ажыратып жаза алады, бірақ мағынасын түсінуге байланысты тағы қосымша тапсырма керек болады.

4 балл- бала дерлік барлық сөзді қоса алады, жаңа сөздің мағынасын түсінеді.

Мектеп жасына дейінгі III деңгейдегі тіл бұзылыстары бар балалардың сөзжасам қабілетін зерттеу экспериментінің барлық тапсырмалар бойынша орта балл көрсеткіштері келесі кестеде көрсетілген.

4- кесте

| | Тапсырма бойынша жинаған ұпай саны | | |
|---|------------------------------------|--------|--------|
| | 1 бала | 2 бала | 3 бала |
| 1-тапсырма | 6 | 7 | 9 |
| 2-тапсырма | 8 | 7 | 9 |
| 3-тапсырма | 7 | 6 | 9 |
| Тапсырмалар бойынша жинаған жалпы ұпай саны | 7 | 7 | 9 |

Тапсырмалар бойынша балл нәтижелерін ескере отырып, келесідей деңгейлер анықталды.

1-4 балл – төмен деңгей;

5-8 балл – орташа деңгей;

9-12 балл – жоғары деңгей.

Эксперимент жұмысының нәтижесі жоғарыдағы кестеде көрсетілді. Тапсырмаларды орындау кезінде балдық-деңгейлік жүйе бойынша бағаланды және осы көрсеткіш негізінде балалардың барлық тапсырма бойынша деңгейлері анықталды. Нәтиже суретте көрсетілген.



1-сурет – Тіл бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалардың анықтаушы кезең тапсырмалары бойынша көрсеткен нәтижелері

Мектеп жасына дейінгі жалпы тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам қабілетінің даму деңгейі жақсарту мақсатында кешенді түзету жұмыстарының тиімділігін анықтау мақсатында қорытынды кезеңде қайта диагностика жасаған болатынбыз. Балаларға жаттығу тапсырмаларын беру кезінде Т.Б. Филчеваның әдістемелеріне сүйене отырып, таңдалған ойын негізінде сұрақтар қойылды. Бұл ретте логопедпен бірге жұмыстар жүргізілді, яғни балалардың сөздік қоры, зат есімді атау, зат есімнің жеке түрінен көптік мән жасау қабілетін анықтау мен екі түбірді біріктіру арқылы күрделі сөз құру қабілетін тексердік. Балалардың нәтижелері келесідей болды.

5-Кесте

| Тапсырма түрі | Тапсырма бойынша жинаған ұпай саны | | |
|--|------------------------------------|---------|---------|
| | №1 Бала | №2 бала | №3 бала |
| Сөздік қорын тексеріп алу | 7 | 8 | 11 |
| Зат есімді атау, зат есімнің жеке түрінен көптік мән жасау қабілетін анықтау | 8 | 7 | 10 |
| Екі түбірді біріктіру арқылы күрделі сөз құру | 12 | 6 | 9 |
| Тапсырмалар бойынша жинаған жалпы ұпай саны | 9 | 7 | 10 |

Тапсырмалар бойынша балл нәтижелерін ескере отырып, келесідей деңгейлер анықталды.


1-4 балл – төмен деңгей;

5-8 балл – орташа деңгей;

9-12 балл – жоғары деңгей

Зерттеу жұмысының бастапқы нәтижелері мен соңғы нәтижелерін салыстырып қарасақ 3 баланың 2-еуі (66%) жоғары деңгейді, ал 1-еуі (34%) орташа деңгейін құрайды. Дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолданғаннан соң, қалыптастырушы эксперимент нәтижесі балалардағы біршама прогрессті көрсетті.

Анықтаушы кезеңде тек қана бір бала жоғары деңгейді(34%) көрсете алды, орта деңгейде (66%)2 бала ал қалыптастырушы кезеңде екі бала жоғары деңгейді (66%) көрсетті, бір бала орта деңгейде(34%) қалып қойды.Ал ең төмен деңгей көрсеткіші, екі кезеңнен де байқалған жоқ. Бұл дегеніміз жалпы тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам қабілетін дамытуда кешенді түзету жұмыстарының тиімділігін дәлелдейді.



2- Сурет – Салыстырмалы диаграмма

Эксперименттің қорытынды кезеңінде тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді: сөздік қорын толықтыру, зат есімді атау, зат есімнің жеке түрінен көптік мән жасау қабілетін анықтау, екі түбірді біріктіру арқылы күрделі сөз құру қабілетін және жаңа сөздерді құрау. Оқу іс-әрекеттерінде сұрақтар мен тапсырмалар көмегімен балаларды олардың орындаған іс-қимылдары, нәтижелері туралы қысқаша хабарлама жасалды. Зерттеу жұмысымыздың нәтижелері бойынша мынадай түйін түйдік: тіл бұзылыстары бар баламен неғұрлым ерте жастан бастап түзету-дамыту жұмыстары жүргізілсе, нәтиже де соғұрлым ерте көрінеді. Тіл бұзылыстары бар балалардың сөзжасам дағдыларын меңгеру барысында, маманның білікті болғаны маңызды. Маман мен ата-ананың арасында тығыз байланыс болуы қажет, себебі балалармен жүргізілетін жұмыс нәтижесі жақсы болуы үшін, екі тараптың да сауатты болуын талап етеді.

Тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту барлық балабақша, мектеп педагогтарының сауатты, бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана орын алатын мәселе. Балабақша ішіндегі барлық мамандардың бірлескен жұмыстарының: кеңес беру, шеберлік сыныбы, семинар және тәжірибемен бөлісу, бірлескен отырыстар, талқылау нәтижесінде ғана баланың сөйлеу тілі дамуының жетістігіне қол жеткізуге болады. Сол себепті тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуды ерте кезден бастау керек, қандай да бір ауытқулар байқалса, арнайы педагог, логопед мамандарына жүтінген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Төребаева К. Ж., Балтымова М. Р. Логопедия негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2011. – 248 б

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // Қолжетімді түзім: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

3 Глухов, В. П. Методика формирования навыков связных высказываний у дошкольников с общим недоразвитием речи. Учебное пособие /В.П. Глухов. - М.: Секачев В. Ю., 2014. - 232 с

- 4 Филичева Т.Б., Соболева А.В. Рекомендации к обследованию лексико-грамматических компонентов языка у дошкольников // *Логопедия сегодня*. - 2011. - №1 31 б
- 5 Гуманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с общим недоразвитием речи // *Дефектология*. - 2004. - №3. - С. 12-15
- 6 Основы теории и практики логопедии / Под ред. Р.Е. Левиной. - М.: Просвещение, 1967-78с
- 7 Никашина Н. А. Устранение недостатков произношения и письма у младших школьников // — М.: Просвещение, 1965. - с. 46-66
- 8 Спирова Л.Ф. Особенности речевого развития учащихся с тяжелыми нарушениями речи//*Науч. исслед. ин-т дефектологии АПН СССР.— М.; Педагогика, 1980. — 192с.*
- 9 Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатов Г.Б. *Логопедия* //Алматы: Дәуір, 2011. — 648 б
- 10 *Логопедия негіздері : 5B010500 - Дефектология маманд. арн/ Р.Д. Дүйсенбаева. - Ақтөбе : Қ. Жұбанов ат., 2014. – 141 б*
- 11 Гуманова Т. В. Филичева Т. Б., Дети с фонетико-фонематическим недоразвитием. Воспитание и обучение. Учебно-методическое пособие для логопедов и воспитателей. - М.: "Издательство ГНОМ и Д", 2000. - 80 с.
- 12 Төребаева К. Ж., Балтымова М. Р. Арнайы педагогика. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2011. – 300 б.
- 13 Гуменная Г.С. Изучение коллективной деятельности детей с недоразвитием речи: Теория и практика коррекционного обучения дошкольников с речевыми нарушениями. — М, 1991.
- 14 Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина. Программа логопедической работы по преодолению общего недоразвития речи у детей. – М.: Просвещение, 2008 – 272 с
- 15 Дүйсенбаева Р.Д. Логопедиялық түзету жұмыстары : Оқу әдістемелік құрал.- 2009. - 80 б.

МРНТИ 14.29.31

УДК 376.23

¹Книсарина М.М., ²Есекешова М.Д.

¹PhD, доцент, ²п.ғ.к., доцент

³Төлепберген Д.Ө., ⁴Түлегенова А.Б., ⁵Қаңгерей К.А.

^{3,4,5} 7M01902-Арнайы педагогика білім бағдарламасының 1-курс магистранттары,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТУ

Аңдатпа

Мақалада дефектолог-мұғалімнің сал ауруы бар балалардың түзету-педагогикалық жұмысының жалпы бағыттары, педагогикалық көмек көрсету жолдары, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың ата-аналарына уақтылы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі қарастырылған.

Түйін сөздер: балалардың церебральды сал ауруы, түзету-педагогикалық жұмыс, педагогикалық көмек, түзету.

¹Книсарина М.М., ²Есекешова М.Д.

¹PhD, доцент, ²к.п.н., доцент

³Төлепберген Д.Ө., ⁴Тулегенова А.Б., ⁵Қаңгерей К.А.

^{3,4,5} магистранты I курса по специальности 7M01902-Специальная педагогика
Актюбинского регионального университета им.К.Жубанова
Актобе, Қазақстан

КОРРЕКЦИЯ ДЕТЕЙ С ДЕТСКИМ ЦЕРЕБРАЛЬНЫМ ПАРАЛИЧОМ ПУТЕМ ОКАЗАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

Аннотация

В статье рассмотрены общие направления коррекционно-педагогической работы учителя-дефектолога детьми с детским церебральным параличом, пути оказания педагогической помощи, а также необходимость своевременной психолого-педагогической поддержки родителям детей с нарушением опорно-двигательного аппарата.

Ключевые слова: детский церебральный паралич, коррекционно-педагогическая работа, педагогическая помощь, коррекция.

¹Knisarina M. M., ²Esekeshova M. D.

¹ PhD, associate professor, ² Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor

³Tolepbergen D. U., ⁴Tulegenova A. B., ⁵Kangerei K. A.

^{3,4,5} 1 year master's student in the specialty 7M01902-special pedagogy
Aktobe Regional University im.K. Zhubanova
Aktobe, Kazakhstan

CORRECTION OF CHILDREN WITH CEREBRAL PALSY BY PROVIDING PEDAGOGICAL ASSISTANCE

Abstract

The article discusses the general directions of correctional and pedagogical work of a defectologist teacher with children with cerebral palsy, ways of providing pedagogical assistance, as well as the need for timely psychological and pedagogical support to parents of children with musculoskeletal disorders.

Keywords: cerebral palsy, correctional and pedagogical work, pedagogical assistance, correction.

Қазіргі әлемде балалардың церебральды сал ауруымен ауыратын балаларды тәрбиелеу, оңалту және қоғамға интеграциялау мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Церебральды сал ауруы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау интеллектуалды дағдыларды, танымдық қызметті дамытуға, әлеуметтік белсенділікті арттыруға, тәуелсіздікті дамытуға бағытталған оңалту іс-шараларының күрделі жүйесі болып табылады.

Балалар церебральды сал (БЦС) ауруы – бұл, кең түсінік, оның құрамына бас ми дамуының ерте кезеңде қалыптасуының бұзылу генезі болып табылатын неврологиялық бұзылулар тобы кіреді. Негізгі неврологиялық симптоматика жүйке жүйесі белгілерінің дер кезінде дамымауымен, кідіруімен сипатталады[1].

Бұлшық ет гипертонусы дамиды, қол білезігінің гипертонусы манипулятивті қызметтің дамуының тежелуіне әкеледі.

Қазірде Қазақстанда церебральды сал ауруымен (ЦСА) 19 мың бала реабилитацияны, оған қоса 153 мың бала коррекциялық білім беруді қажет етеді. Яғни, Қазақстанда барлығы 626,7 мың мүгедек болса, соның 11% – мүгедектігі бар балалар[2].

Постуральды бақылау дисфункциясы постуральды желілерде тапшылықты тудыратын бастапқы ми зақымдануының нәтижесінде пайда болады. Қозғалтқыш (өндіруші) желілерге бұлшықет спазмы, контрактура, изометриялық күш өндірудің төмендеуі және қалыптан тыс уақыт, сондай-ақ бұлшықеттерді тарту амплитудасының төмендеуі сияқты кемшіліктер әсер етеді. Қабылдау (бағдарлау) желілеріне көру, тактильді, проприоцептивтік және вестибулярлық жүйелерде нашар тіркеу және/немесе қабылдауды қоса алғанда, ақаулар әсер етеді[3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сарапшыларының мәліметтері бойынша, әлем халқының жалпы санының орта есеппен 10%-ы мүгедектер, оның 150 миллионы балалар. Қазақстан Республикасының Ұлттық генетикалық тізілімінің мәліметтері бойынша Қазақстанда жыл сайын 2000-нан 3500-ге дейін туа біткен және тұқым қуалайтын патологиялармен дүниеге келеді, бұл 1000 жаңа туған нәрестеге шаққанда 20,0-24,3 кұрайды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (ҚР ДСМ) деректері бойынша осы жас тобындағы балалардың аурушандық құрылымында орталық жүйке жүйесінің (ҚЖЖ) перинаталдық зақымдануының жиілігі 7,5-22,4% кұрайды. Балалық шақтағы мүгедектік құрылымында жетекші орынды (30%-дан 70%-ға дейін) ерте мүгедектікке әкелетін ауру – церебральды сал ауруы (МБП) алады. Қазақстанда статистика бойынша 44 мыңнан астам мүгедек бала есепте тұрса, оның ішінде 10 мыңнан астам бала церебральды сал ауруына шалдыққан[4,5].

Церебральды сал ауруы балалардағы ең ауыр аурулардың бірі болып табылады және қозғалысты түзетудің тұрақты оңалту әдістерін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмекті қажет етеді.

Дефектолог-мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі-қозғалыс кемістігі бар балаларды табысты оқыту, оңалту және әлеуметтендіру үшін оңтайлы түзету-дамыту, денсаулық сақтау жағдайларын қамтамасыз ету. Оқу жылының басында оқу-танымдық іс-әрекетті, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасының көлемінде білімнің, іскерліктің, дағдылардың қалыптасу дәрежесін кешенді зерттеу, баланың сенсомоторлық, моторлық, сөйлеу ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу жүргізіледі.

Сондай-ақ, кез-келген түзету сабағы диагностикалық блокты қамтиды, оның көмегімен баланың белгілі бір психикалық функцияларының дамуының өзекті деңгейін тіркеуге, оның жақын даму аймағын анықтауға болады.

Түзету-педагогикалық жұмыс танымдық іс-әрекетті дәйекті дамытуға, жоғары психикалық функциялардың, моториканың, сөйлеу бұзылыстарының бұзылуын түзетуге, мінез-құлық пен іс-әрекеттің тұрақты түрлерін тәрбиелеуге, кәсіби бағдарлауға бағытталған.

Церебральды сал ауруынан туындаған кез-келген бұзылыс біртіндеп, кейде көптеген жылдар бойы жеңілетінін есте ұстаған жөн. Церебральды сал ауруы бар балаға шексіз шыдамдылықпен, үлкен оптимизммен, сеніммен және сүйіспеншілікпен қарау керек.

Сүйемелдеудің жеке бағыты әзірленіп, түзету-дамыту бағдарламасы іске асырылуда. Қозғалыс, сөйлеу және психикалық бұзылуларды ескере отырып, түзету-педагогикалық жұмысқа жүйелі көзқарас қолданылады.

Дефектолог-мұғалімнің ЦСА балаларымен түзету-педагогикалық жұмысының жалпы бағыттары.

- ✓ жалпы білім беретін (әмбебап) дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру;
- ✓ әлеуметтік-тұлғалық даму (қажетті өмірлік құзыреттерді қалыптастыру);

- ✓ танымдық іс-әрекеттің дәйекті дамуы және оны түзету;
- ✓ жоғары психикалық функциялардың бұзылуын түзету;
- ✓ сөйлеуді дамыту және сөйлеу бұзылыстарын түзету;
- ✓ ұсақ моториканы және қимылдарды үйлестіруді дамыту;
- ✓ әлеуметтік бейімделу үшін қажетті мінез-құлық пен іс-әрекеттің тұрақты түрлерін тәрбиелеу;
- ✓ кәсіби бағдар;
- ✓ білімдері мен дағдыларын игерудің жүйелі мониторингін жүргізу;
- ✓ денсаулық мониторингі;
- ✓ жеке дамудың мониторингі.

Түзету және дамыту сабақтары жас ерекшеліктерін және ақаудың ауырлығын ескере отырып жасалған икемді құрылымға ие. Сабақ барысында оқу материалын игеру коммуникативті қасиеттерді қатар қалыптастырады, эмоционалды тәжірибені байытады, ойлауды белсендіреді, жеке бағдарды қалыптастырады.

Сабақ барысында келесі режимі сақталады:

- ✓ жазбаша және ауызша жұмыстарды орындау үшін қолайлы орынды таңдау;
- ✓ релаксациялық жаттығуларды, тірек-қимыл аппаратын нығайтуға арналған жаттығуларды, көзге арналған жаттығуларды және т. б. пайдалана отырып, демалу минутын ұйымдастыру;
- ✓ қиындық дәрежесі бойынша тапсырмаларды ұсыну тәртібін жоспарлау арқылы баланың шаршау дәрежесін реттеу;
- ✓ баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстың оңтайлы қарқынын таңдау;
- ✓ әр түрлі дидактикалық, көрнекі және ойын материалдарын қолдану.

Церебральды сал ауруы бар балаларды оңалтуда денсаулық сақтау процесін ұйымдастыру, түзету және сауықтыру жұмыстарын жүргізу үлкен рөл атқарады. Келесі денсаулық сақтау технологиялары қолданылады:

1. Кинезотерапия (қозғалыспен емдеу) - жарты шараралық дисфункция кезінде баланың компенсаторлық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, сөйлеу және тұлғалық бұзылулардың алдын алу, түзету. Визуалды-моторлық үйлестіруді, кеңістіктік көріністерді қалыптастыруға, қолдың ұсақ қимылдарын дамытуға арналған жаттығулар қолданылады.
2. Тыныс алу гимнастикасы-кинезотерапияның тиімді әдісі- ми қыртысының нейродинамикалық процестерін қалыпқа келтіреді, диафрагмалық-сөйлеу тыныс алуына ықпал етеді. А.Н. Стрельникованың тыныс алу гимнастикасы қолданылады, ол ағзаның оттегімен қанығуына ықпал етеді, метаболикалық процестер мен психоэмоционалды жағдайды жақсартады.
3. Ертегі терапиясы. Сабақтарда түзету арқылы қолданылады-ертегінің мазмұны бойынша білім беру жаттығулары, дидактикалық және білім беру ойындары. Ертегі терапиясы церебральды сал ауруы бар балалардың көру, есту, кинестетикалық қабылдауын белсендіреді; есте сақтау қабілетін, зейінін дамытады, ықпал етеді; сөйлеуді дамыту; балаға әлеуметтік-мәдени кеңістік дағдыларын үйретеді.
4. Көруді түзету. Балалармен сауықтыру кешенін орындаймыз жаттығулар-көзге арналған гимнастика: көзді босаңсытуға арналған арнайы жаттығулар, миопияның алдын алуға арналған жаттығулар.
5. Профилактикалық массаж. Демалыс кезінде өткізіледі, қолды шырша конустарымен, гипертонияны босаңсытуға, сөйлеу орталықтарының қозғыштығын жеңілдетуге көмектесетін арнайы шарлармен уқалау.

Түзету-педагогикалық қызмет сонымен қатар білім алушының жеке басын қалыптастыру, олардың жағымды қасиеттеріне сүйене отырып, әлеуметтік қалыптастыру бойынша әрекеттерді қамтиды

Түзету жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында ата-аналармен ынтымақтастыққа, оларды түзету-білім беру процесіне қосуға, сал ауруы бар балаларға білім беру мәселелерінде консультациялық дефектологиялық қолдау көрсетуге көп көңіл бөлу қажет.

Ата-аналар көбінесе қиын жағдайларда өздерінің рөлін анықтауда қиындықтарға тап болады, олар әрдайым церебральды сал ауруы бар баланың қалыпты дамуына, оқуына және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасай алмайды.

Көптеген отбасылар жағдайды өз бетінше өзгерте алмайды. Түзету және оңалту процесіне кірмеген ата-анаға баламен өзара әрекеттесу стереотиптерін өзгерту қиын, бұл түзету мен оңалту процесін тежейді. Уақтылы психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету кезінде көмек церебральды сал ауруы бар оқушылар мен олардың отбасыларын қоғамдық өмірге сәтті бейімдеу және осындай отбасылардағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту мүмкіндігі артады.

Сондықтан қазіргі уақытта церебральды сал ауруы бар оқушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселесі өзекті болып отыр. Ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі міндеті-церебральды сал ауруы бар баласы бар отбасылардың әлеуметтік бейімделуіне оң жағдай жасау үшін олардың құзыреттілігін арттыру.

Осыған байланысты тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың ата-аналарын өзара әрекеттесудің әртүрлі формалары арқылы түзету-дамыту жұмыстарына қосу ерекше маңызға ие, олардың арасында ата-аналарға арналған клубты олардың құзыреттілігін арттырудың перспективалы құралы ретінде бөлуге болады

Оқу жылы ішінде білім алушының дамуына динамикалық бақылау жүргізіледі. Жеке және танымдық дамуға жүйелі талдау, білім алушының жетістіктерін ескере отырып, түзету-дамыту сабақтарын жоспарлауды түзету жүргізіледі.

Жүйелі, қажырлы түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесінде жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруда, ЦСА бар балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін, сөйлеу, қозғалыс функцияларын дамытуда оң динамика байқалады.

Дефектолог-мұғалімнің түзету-педагогикалық жұмысы табысты оңалтуға, толыққанды тұлғалық дамуға, қозғалыс кемістігі бар балалардың әлеуметтік қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бадалян Л.О., Журба Л.Т., Тимонина О.В. Детские церебральные параличи. / учебное пособие- 2013. 185б (Б.90-100).
2. <https://kaznmu.edu.kz/rus/wp-content/uploads/2022/12/dissertaciya-m.abdikadyr.pdf>
3. Капитан Т.В. Пропедевтика детских болезней с уходом за детьми// Детский церебральный паралич/ учеб.пособие – Москва 2009-5-издание,698 бет. Гл.5.С.122-124
4. Оксамитный Ю.В., Айдапкелов Н.С. Дети Казахстана /Статистический сборник. Астана, 2017, 2018 (Б.8)
5. «Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», - Астана, 2014, – 108 б

МРНТИ 14.29.29
УДК 376.33

Байтокова Гаухар Сабитовна,

№17"Ер Төстік" балабақшасының логопед-мұғалімі, Астана қаласы, Gauxar61@bk.ru

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРМЕН АРНАЙЫ БАҒЫТТАЛҒАН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа. Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысында дыбыстардың айтылу артикуляциялары, дыбыстарды машықтандыру, ажырату жұмыстары, сөзұйқастармен ұсақ қозғалыстардың дамуына ойын жаттығулар көрсетілген және логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы ұсынылған. Берілген жаттығуларды оқыту, тәрбиелеу үрдісінде, жалпы және жеке жұмыс түрлерінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: артикуляция, патология, фонематикалық есту қабілеті, тіл мүкістігі, сөзұйқастар.

Байтокова Гаухар Сабитовна,

Учитель-логопед детского сада №17"Ер Төстік", г. Астана, Gauxar61@bk.ru

СПЕЦИАЛЬНО ОРИЕНТИРОВАННАЯ КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА С ДЕТЬМИ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

Аннотация

В коррекционной работе с детьми с дефектами речи показаны артикуляции произношения звуков, работа по отработке, различению звуков, игровые упражнения на развитие мелких движений со словами и представлена организация логопедической работы. Данные упражнения могут быть использованы в процессе обучения, воспитания, в общих и индивидуальных видах работы.

Ключевые слова: артикуляция, патология, фонематический слух, языковая тугоухость, словосочетания.

Baytokova Gauhar Sabitovna,

Teacher-speech therapist of kindergarten No. 17"Er Tostik", Astana, Gauxar61@bk.ru

SPECIALLY ORIENTED CORRECTIONAL WORK WITH CHILDREN WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT

Abstract

In correctional work with children with speech defects, articulations of pronunciation of sounds, work on working out, distinguishing sounds, game exercises for the development of small movements with words are shown and the organization of speech therapy work is presented. These exercises can be used in the process of training, education, in general and individual types of work.

Keywords: articulation, pathology, phonemic hearing, language deafness, phrases.

Бала сәби кезінен бастап, ана тілінде еркін сөйлей бастауға дағдыланады, ал тіл мүкістігі бар балалар еркін сөйлей алмай, айналамен қарым-қатынаста көптеген

қиыншылықтарға кез болады. Тіл мүкістігін түзету қазіргі уақытта ең үлкен мәселе болып отыр. Оның пайда болу себептері әр түрлі. Егер тіл кемістігін уақытында мектепке дейін түземесе, балалардың айналамен қарым-қатынасы қиынға түседі. Көп жылдық тәжірибе бойынша мектепке дейінгі жастағы тіл мүкістігі бар балалармен күнделікті тұрақты жұмыстар жүргізілсе, сөйлеу тілінің жақсаратыны дәлелденген. Сондықтан дер кезіндегі логопедиялық көмек, ықпал қажет.

Сонымен, тіл мүкістігі дегеніміз не? Тіл мүкістігі деп - сөйлеу қабілетінің психофизикалық механизмінің бұзылуы салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтамыз. (Қ. Өмірбекова. «Логопедия») Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегіше сипатталады:

1. Өз бетінше пайда болады, жоғалмайды, қайта бекиді;
2. Сөйлеушінің жас мөлшеріне сәйкес келмейді;
3. Оның ерекшелігіне байланысты нақты логопедиялық ықпал жасауды талап етеді;
4. Баланың одан әрі дамуына жағымсыз әсерін тигізеді;
5. Тіл білмейтіндік – диалектизм – тіл кемістігі болып саналмайды.

Дыбыстарды дұрыс, анық айту үшін, алдымен түрлі дайындық жұмыстары, артикуляциялық жаттығулар, ауа ағынын дұрыс шығару үшін арнайы жаттығулар орындалады. Дыбысты дұрыс айтқызылғаннан кейін, дыбыстың айтылу артикуляциясы еске түсіріледі. Дыбысты бекіту жұмыстары сөздер, сөйлемдер, өлең жолдары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шағын әңгімелер қолдану арқылы жүреді.

Жүргізілетін жұмыстар барысында артикуляциялық жаттығулар арқылы балалардың тілдерінің, еріндерінің қимылдары жетіледі, ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтып үйренеді. Дыбыстардың айтылу ерекшелігін байқап, бір-бірінен ажырата біледі. Сөздік қоры толығып, байланыстырып сөйлейді.

Сондықтан жоғарыда айтылған жұмыс түрлерін мектепке дейінгі 4 пен 7 жас аралығындағы балалармен жүйелі түрде жүргізіп отырған жағдайда ғана, тіл мүкістігін түзетуге болады.

Баланың сөйлеу тілі патологиясының негізгі себептері:

1. Әр түрлі құрсақ патологиясы іштен нәрестенің дамуына зиянын тигізеді;
2. Босану кезіндегі жарақаттануы;
3. Бас сүйегінің жарақаттануы;
4. Өмірінің алғашқы жылдарындағы әр түрлі аурулар;
5. Тұқым қуалаушылық факторлар;
6. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының қолайсыздығы.

Тіл мүкістігі бар балалардың психологиялық ерекшеліктері бар. Балалардың сөздік қоры аз, жас мөлшеріне сәйкес емес, есте сақтау қабілеттері баяу дамыған, тез ұмытады, зейінділігі тұрақсыз, жалпы қимыл-қозғалыстары, ұсақ қозғалыстарының қимылдары жеткіліксіз. Фонематикалық есту қабілеті баяу жетілген. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың тіл мүкістігін уақытында түземесе, мектепке барғанда балалардың оқуы төмендейді, жазу мен оқу меңгеруі қиынға түседі. Балалар тез шаршап, мектептегі оқу барысында күрделі жағдайлар тууы мүмкін.

Түзету жұмыстарының түрлері:

1. Балаларда дыбыстардың дұрыс айтылып, қалыптасуы күрделі жұмыс, ол үшін бала сөйлеу мүшелерін дұрыс қолданып, өзінің және басқалардың сөйлеу тіліне сынаушылықпен қарап, сөйлеу тілін түсінуі керек. Осы жұмыстардың нәтижесінде 4-5 жастағы балалар дыбыстарды дұрыс, таза айтуы қажет. Бірақ көп балаларда бұл жұмыс кешігіп жүреді. Бала 5 жасқа келсе де, ол қазақ тіліне тән өзіндік дыбыстар «қ», «ғ», «ұ» «ү», «ң», және ысқырық «с», «з», «ц», ызың «ш», «ж», «ч», сонорлы «р», «л» дыбыстарын айта алмайды.

Кейбір балалар тіпті дауысты дыбыстарды анық айтпайды, ал осы дыбыстар арқылы дыбыстық, буындық талдаулар жасап, сауат ашуға дайындық жүреді. Дауысты дыбыстармен жаттығулар балалардың дауыс екпінін, дикциясын жетілдіреді.

2. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру үшін, ең алдымен дыбыстардың айтылу артикуляциясы беріледі. Айтылу артикуляциясымен таныстырғаннан кейін, дыбысты буын ішінде айтқызу, содан кейін сөздерде, сөйлем ішінде келтіріп жаттықтыру жүреді.

3. Дыбыстардың таза айтылуы кептеген факторларға байланысты, ең алдымен артикуляциялық аппараттың анатомиялық құрылысына, яғни тілдің, еріннің, астыңғы жақтың қозғалыстарына, артикуляциялық мүшелерінің жетілуіне, артикуляциялық аппараттың анатомиялық құрылысындағы кемістіктерді - егер тіл тамыры қысқа болса, баланы хирург - стоматологқа жіберіп, арнайы артикуляциялық жаттығулар арқылы тіл тамырын «созамыз». Тістердің құрылысы дұрыс болмаса, ортодонт дәрігеріне жіберіледі.

Артикуляциялық аппараттың құрылымындағы еріннің, тілдің, астыңғы жақтың қимылдары жеткіліксіз болса, қимылдары баяу болады. Бір жаттығудан келесі жаттығуға көшу жылдамдығы бұзылады да, мынадай дыбыстар дұрыс айтылмайды.

«Р», «л» немесе бірнеше топ дыбыстары:

Қатаң: к, қ, с, ц, ч, ш, щ.

Ұяң: ж, з, ғ.

Үнді: р, л, ң.

